

**"Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 165 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 қазанда № 3096 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 220 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 09.10.2013 № 220 қаулысымен**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып және "Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қыркүйектегі № 976 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы А. М. Дәулетжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *Н. Ноғаев*  
2012 жылғы 11 қыркүйекте № 165  
облыс әкімдігінің қаулысымен  
бекітілді

**"Әкетілетін және әкелінетін  
заттың мәдени құндылығының болуы  
туралы қорытынды беру"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) осы регламентке 1-қосымша көрсетілген мекенжай бойынша "Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – б а с қ а р м а ) ұ с ы н ы л а д ы .

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету "Қазақстан Республикасынан әкетілетін және оған әкелінетін мәдени құндылықтарға сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 маусымдағы № 447 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі әкетілетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы және уақытша әкетілген мәдени құндылықтың түпнұсқалылығы туралы қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) не қорытынды беруден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады. Қорытынды жазбаша түрде қағаз тасығышта ресімделеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы стендтерде орналасқан.

7. Осы регламентте көзделген құжаттар топтамасын тұтынушының толық ұсынбауы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

8. Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1-кезең - басқарманың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінде (бұдан әрі - ҚҚК) тұтынушының қоса берілген құжаттары және заттарымен өтінішін тіркеу;

2-кезең - басқарма басшысының сараптаманы өткізетін орындаушыны, орынды және уақытты белгілеуі;

3-кезең - орындаушының сараптама комиссиясына құжаттар мен заттарды сараптамаға жіберуді жүзеге асыруы;

4-кезең - сараптама комиссиясының уақытша әкетілген мәдени құндылықтың мәдени құндылығы немесе түпнұсқалығына сәйкестігін айқындау мақсатында с а р а п т а м а н ы жү з е г е а с ы р у ы ;

5-кезең - орындаушының қорытындыларды басқарманың мөрімен бекіту бойынша ұйымдастыру іс-шараларын, сондай-ақ қорытындының бір данасы мен заттарды тұтынушыға беруді жүзеге асыруы.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін тұтынушының құжаттарын қабылдау басқарманың жұмыс кестесінің негізінде жұмыс күні ішінде жауапты қызметкер жүзеге асырады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы**

10. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы басқармаға келесі құжаттарды ұ с ы н а д ы :

1) "Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қыркүйектегі №976 қаулысымен бекітілген нысан бойынша өтініш;

2) жеке тұлға үшін - тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;

заңды тұлға үшін - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нотариалды расталған көшірмесі;

3) қабылдаушы тараптардың мәдени құндылықтардың болу мақсаттары мен шарттары туралы келісім - шартының көшірмесі;

4) әрбір мәдени құндылықтың немесе оны құрайтын бөліктерінің көлемі 10x15 сантиметр болатын фотосуреті;

5) мәдени құндылықтарға меншік құқығын растайтын құжаттар;

6) заңды тұлға үшін - уақытша әкету кезеңіне мәдени құндылықтардың сақталуы үшін белгілі бір тұлғаға жауапкершілік жүктеу туралы ұйым б а с ш ы с ы н ы ң б ұ й р ы ғ ы ;

7) мәдени құндылықтар ретінде қаралатын, сараптауға жататын заттар.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі: тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – бес жұмыс күні;

2) өтініш беруші өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты 15 минуттан аспайды;

3) өтініш беруші өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуді алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 1 0 м и н у т ;

4) қорытындыны алған кезде күту уақыты – минуттан аспайды.

13. Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру үдерісінің сызбасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан бұдан бұрын әкетілген мәдени құндылықтарға оларды Қазақстан Республикасының аумағына қайта әкелген кезде қайта сараптама өткізу осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

14. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

#### 4. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

" Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне

1-қосымша


"Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мекен-жайы мен жұмыс кестесі

№ P/с	Атауы	Мекен-жайы	Телефон №	Электронды поштаның мекен-жайы	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5	6
1	"Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 166/1	8(7112) 50-45-89, 50-94-91	uprcultzko@mail.ru	Жұмыс күндері: сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі

" Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне

2-қосымша

**Әкелінетін және әкелінетін заттың  
мәдени құндылығының болуы туралы  
қорытынды беру бойынша мемлекеттік  
қызмет көрсету үдерісі**



Абревиатураның толық жазылуы:

ҚҚҚ – құжаттамалық қамтамасыз қызметі;